



**Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған
«Менің Елім – менің бақытты балалық шағым»
республикалық байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ереже

1.1. Осы Ереже меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдар арасында Халықаралық балаларды қорғау күніне арналған «Менің Елім – менің бақытты балалық шағым» республикалық (би) байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру тәртібі мен өткізу шарттарын белгілейді, мақсаты мен міндеттерін айқындайды.

1.2. Байқау ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-нің (бұдан әрі – Институт) 2024 жылға арналған жоспарына сәйкес өткізіледі.

1.3. **Мақсаты:** балаларды шығармашылыққа баули отырып тәрбиелеу, мектеп жасына дейінгі дарынды балаларды анықтау, дамыту және қолдау көрсету.

1.4. Міндеттері:

- балалардың би және орындаушылық шеберлігін, хореографиялық қабілеттерін дамыту
- ұлттық өзіндік сананы, өз халқының және басқа ұлт өкілдерінің мәдени мұраларына ұқыпты қатынасты қалыптастыру;
- балалардың көркемдік және орындаушылық деңгейін арттыру және дамыту;
- қатысушылардың шығармашылық жетістіктерімен және тәжірибесімен алмасу.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі және өткізу шарттары

2.1. Байқауды ұйымдастырушылар – «Балаларды ерте дамыту институты» РММ-сі, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың білім басқармалары, аудандық бөлімдер.

2.2. Байқаудың I және II кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу үшін Ережеде облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының байланыс телефондары мен электрондық пошталарын көрсету қажет.

2.3. Байқау үш кезеңде өткізіледі:

- 1-ші кезең – аудандық (қалалық);
- 2-ші кезең – облыстық;
- 3-ші кезең – республикалық деңгей.

2.4. Өңірлерде Байқау өткізу туралы хабарландыруды аудандардың, қалалардың білім бөлімдері, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары бұқаралық ақпарат

құралдарында, Интернет-ресурстарда Байқау басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын жариялайды.

2.5. Байқаудың барлық кезеңдерінде материалдарды бағалау үшін басшылардың бұйрығымен аудан, қала (облыстық, республикалық маңызы бар қала), облыс, республикалық маңызы бар қалалар және астана (құрамы кемінде 7 адам) деңгейінде өңірлік комиссия құрылады.

2.6. Байқау комиссиясы аудандық, қалалық бөлімнің, облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармасының қызметкерлері, мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары, білікті педагогтер, әдіскерлер, ата-аналар қоғамдастығының өкілдері, бұқаралық ақпарат құралдары және т. б. қатарынан құрылады.

2.7. Байқау комиссиясының мүшелері:

- лайықты үміткерлер болмаған жағдайда, жүлделі орындар бермеуге;
- техникалық ақауларға байланысты (қатысушы тарапынан) ашылмаған бейнематериалдарды қарамауға;
- ұзақтығы осы Ережеде белгіленген уақыттан асатын бейнематериалдарды қарамауға;
- Ережеде көрсетілген мерзімнен (2.9. тармақ) кеш жіберілген бейнематериалдарды қарамауға құқылы.

2.8. Республикалық кезеңнің Байқау комиссиясының қарауына жолданатын материалдар тізімі:

1) Облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім басқармаларының **ілеспе хаты**;

2) Байқауға қатысу үшін **өтінім** (осы Ереженің 1-қосымшасы)

3) қатысушылардың санын көрсете отырып, II кезеңнің қорытындысы бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың Білім басқармалары комиссиясының **хаттамасы** (сканерленген көшірмесі);

4) ресімдеуге қойылатын талаптарға және бағалау өлшемшарттарына сәйкес келетін **бейнематериал**.

2.9. Материалдар Халықаралық балларды қорғау күніне арналған «Менің Елім – менің бақытты балалық шағым» (би) байқауының атауымен 2024 жылғы **«20» мамырдан** кешіктірілмей Институттың i-rrd2021@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар және шарттары.

3.1. Байқау мектеп жасына дейінгі ортаңғы (3 жас), ересек (4 жас) (**1 жұмыс**) және мектепалды даярлық топтары/сыныптарының (5 жас) (**1 жұмыс**) би ұжымдары арасында өткізіледі.

3.2. Байқау нөмірлерін ұзақтығы 3 минуттан аспайтын кез-келген тақырыпта, әртүрлі бағыттар мен стильдерде ұсынылуы мүмкін.

3.3. Байқау кезінде түсірілген бейнежазбаларға, оларды таратуға, сондай-ақ трансляциялауға (оның ішінде Интернет желісінде) барлық құқықтар байқаудың Ұйымдастыру комитетіне тиесілі, әдістемелік мақсаттарда пайдалануы мүмкін.

3.4. Өтінім болашақта Байқауға қатысушылардың осы Ереженің шарттарын толық қабылдайтындығын, Байқау өткізу шеңберінде дербес деректерді өңдеуге келісім беретіндігінің дәлелі болып табылады.

4. Бағалау критерийлері

4.1. Орындау деңгейі 5 балдық жүйе бойынша келесі критерийлер бойынша бағаланады

- нөмірдің балалардың жасына және жеке қабілетіне сәйкестігі;
- таңдалған би стиліне қозғалыстың сәйкестігі;
- нөмірдің ерекшелігі;
- музыкалық – музыканы билей білу және синхрондылық;
- сахна мәдениеті;
- көркемдік шеберлік (әртістік), көркем бейнені ашу.

5. Бейнематериалдарға қойылатын талаптар:

5.1. Байқау бейнежазбасы келесі талаптарға сай болуға тиіс:

- түсіру сапалы, бейнекамераны өшірмей және тоқтатпай орындалуы тиіс (нөмірдің басынан аяғына дейін);
- бейнежазба MPEG-4 форматында қабылданады;
- әрбір файлдың көлемі 300 Мб артық емес;
- байқауға қатысушының бейнефайлында қатысушы туралы ақпарат болуы тиіс (Т.А. Ә., жасы, атауы).

6. Қорытынды шығару, жеңімпаздарды марапаттау

6.1. «Менің Елім – менің бақытты балалық шағым» республикалық байқауының қорытындысы бойынша келесі I, II, III орын және номинациялар бойынша жүлделі орындар белгіленеді:

- Үздік композиция;
- Үздік балалар биі;
- Үздік би ұжымы;
- Үздік костюм;
- Шебер биші.

6.2. Байқаудың республикалық кезеңінің жеңімпаздары Институттың дипломдарымен марапатталады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді дайындаған педагогтерге алғыс хаттар беріледі.

6.3. Байқау қорытындылары мен жеңімпаздардың материалдары Институт <http://irrd.kz> сайтында және әлеуметтік желілер парақшасында жарияланады.

Анықтама телефоны: 8 (7172) 57-46-51

_____ облысынан

**Халықаралық балларды қорғау күніне арналған
«Менің Елім – менің бақытты балалық шағым»
республикалық би байқауына қатысу
өтінімі**

Мектепке дейінгі ұйымның толық атауы	
Би ұжымының атауы, орындаушының (аты-жөні, жасы)	
Педагогтің аты-жөні, байланыс телефоны (хореография жетекшісі)	
Хореография жанры (халық биі, классикалық би, джаз-балет, заманауи би, халықтық-стильдендірілген және басқа да би бағыттары)	
Бейнеролик орналастырылған YouTube платформасындағы сілтеме	